

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Қорыта айтқанда Қазақстан Республикасында экскурсиялық туризмді дамытсақ:

- экскурсиялық туризм экономиканың табысты салаларының біріне айналады;
- мәдениетімізді, тарихымызды және табиғи байлықтарымызды сақтап, оларды ұтымды пайдаланамыз;
- ел азаматтары жаңа жұмыс орындарымен қамтылады;
- Орта және шағын кәсіпкерлік дамиды.

Туризм саласының ел экономикасына қосар үлесі арта берсе, Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың жолдауында айтқандай ХХІ ғасыр Қазақстанның «Алтын ғасыры» болары сөзсіз.

Қолданылған әдебиет:

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- 2012. 12 желтоқсан.
2. Алрисаков М.Б. «Введение в туризм». М., 1999ж – 239б.
3. Байгунаков Д. С. «Экскурсиялық іс». Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 148б.
4. Соколова М. В. «История туризма». Москва., 2010ж. – 352б.
5. Азар В.И., Туманов С.Ю. Экономика туристского рынка. М.,1998ж – 239б.
6. Дурович А.П., Копанев А.С Маркетинг в туризме: Учебное пособие Минск: 1998ж. – 400б.

УДК 338.48 (574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Мүслимбекова Маржан Амантайқызы

Muslimbekova_m@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті, Туризм
кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.М. Жусупова

Туризм - экономикалық көркеюдің бірден-бір себепкері, бастаушысы.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше қазіргі кезде туризм әлемдік экономикадағы қарқыны төмендемейтін саланың біріне жатады. Бұл индустрия көп елдерде жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға және сыртқы сауда балансының белсенділігіне ықпал етеді. Елдердің шикізат көзі азаяды, ал туристік индустрия қалпына келетін ресурстармен жұмыс істейді. Туризмнің басқа да салаларға тигізетін әсері мол, оның 32 салаға жанама ықпалы бар (турфирмалар, көлік түрлері, мейрамхана кешендері, демалыс үйлері, санаториялар, ұлттық парктер, тамақтану сферасы, т.б.). Бұл дегеніміз - әлемдік өндірісте әр 9 адамның жұмыс орны деуге болады.

Туризм индустриясының мемлекеттік бюджетке түсіретін валюталық түсімі, орта және шағын бизнеске көмегі, тауар мен қызмет көрсету нарығы арқылы аймақтардың экономикасының дамуына ықпалы өте зор. Сонымен қатар, туризмнің қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуы келесі көрсеткіштермен сипатталады. Ішкі және халықаралық туризмнің жалпы шығыны әлемдік ұлттық ішкі өнімнің 12%-ін құрайды, жыл сайын 1,5млрд. Ішкі және халықаралық саяхаттау тіркелді.

Халықаралық туризмнің үлесіне жыл сайын әлемдік экспорттың 7% және қызмет көрсетудің 25-30% келеді. Халықаралық туризмнің жылдық өсуі 4,0%, ал болашақта бұл көрсеткіш көтерілмек [1].

Қазақстан Республикасының халықаралық бірден-бір танымал туристік ел атануына мүмкіндігі жоғары. Себебі, Қазақ елінде көптеген атақты тарихи орындар, табиғаты көркем

де әсем жерлер, қорықтар, көптеген жайлы да, жанға тыныш жерлер көп. Қазақ елі Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқандықтан тарих беттерінен-ақ Қазақстанның туризм саласына қосар үлесі көп екендігін аңғаруға болады. Менің ойымша, Республиканың әрбір аймағы туризмнің дамуы үшін ерекше табиғи байлыққа тұнып тұр. Оған дәлел 1-ші кестегі аумақтар бойынша туризм түрлері.

Кесте 1 - Қазақстандағы аумақтар бойынша туризм түрлері

Аумақтар бойынша туризм түрлері				
Оңтүстік Қазақстан	Солтүстік Қазақстан	Орталық Қазақстан	Шығыс Қазақстан	Батыс Қазақстан
Экологиялық	Экологиялық	Экологиялық	Экологиялық	Экологиялық
Тау	Шаңғы	Экскурсиялық	Тау	Су
Жаяу	Жаяу	Су	Танымдық	Жаяу
Велосипедтік	Экскурсиялық	Спелеологиялық	Экскурсиялық	Экскурсиялық
Экскурсиялық		Тарихи		Тарихи
Тарихи				Діни
Діни				

Жалғастыра келе, туризм индустриясын дамытуға толық мүмкіншілігі бар болуына әсер ететін негізгі факторларды қарастырайық:

➤ еліміздің қолайлы геосаяси жағдайы. Батыс пен Шығыс аралығындағы халықаралық туристік және коммерциялық ағымдардың өсуі; – саяси тұрақтылық, демократиялық қайта құру, экономикалық реформаның өтуі және инвестициялық ахуалдың тұрақтылығы мен ашықтығы;

➤ еліміздің тарихи- мәдениет мұрасының ерекшелігі;
 ➤ мұсылман, христиан, будда ескерткіштерінің болуы;
 ➤ Қазақстанның көп мәдениеттілігі, музей, мәдениет ошақтарының, фольклорлы
 ➤ этнографиялық және ұлттық кәсіпқой өнерпаздардың көп болуы;
 ➤ Туристік-рекреациялық аймақтардың болуы, табиғи ландшафтар, өсімдік, жануарлар дүниесінің ерекшелігі, экзотикалық тур, балық аулау, аң аулау, өсімдіктер жинау т.б.;

➤ бос еңбек ресурстарының болуы (мамандар)[2].

Қазақстанның табиғат жағдайлары, туристік потенциалы өте жоғары. Біздің мемлекеттің экономикалық әлеуетін күшейтетін басты кіріс көздерінің бірі – осы туризм. Бұған басты тапқан дәлелдеріміздің бірі бұл «Қазақстан 2050» стратегиясында танылған: «Туризм саласы Қазақстан Республиканың экономиканың өсуіне және оның әр тараптануына ықпал ететін фактор».

Ал, туризм саласын туристік инфрақұрылымсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан, біз Қазақстанның туристік инфрақұрылымының дамуына және жандануына мән беру тиіспіз. Ол үшін туристік инфрақұрылымына әсер ететін кемшіліктер мен мәселерді талқылап, жою жолдарын іздеп, артықшылықтар мен жетістіктерін басқа елдерге көрсетіп, мемлекетімізді жандандыратын болсақ, онда біздің Қазақстан Республикамыз алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттер қатарына қосылуы мүмкін. Осыған орай, біз туристік инфрақұрылымының дамуы туризм және экономика салалары жағынан маңыздылығы зор екенін анықтадық. Ең біріншіден, Қазақстан Республикасында туристік инфрақұрылымы жоғарғы дәрежеде дамытылса, онда туристердің қажеттіліктері толықтай қанағаттандырылды деп есептеуге болады. Ал екіншіден, туризм және экономика салаларының даму дәрежесі шетелдік мемлекеттермен қатарлы болады.

Қазақстан Республикасында туризм саласы баяу болса да, даму үстінде. Соңғы жылдары туризм саласының мемлекет бюджетінде алатын орны, маңызы артып келе жатыр. Көптеген реформалар, бағдарламалар құрылып, іске асырылып жатыр. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2007-2011 және 2011-2014 жылдары туризмді дамыту бағдарламасы

бойынша, көптеген жұмыстар атқарылып, жаман емес қорытынды көрсетілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан халқына жолдауында жариялаған «Нұрлы Жол - Болашаққа бастар жол» - Қазақстанның Жаңа Экономикалық Саясатын туристік салада іске асыру қажеттігін атап көрсетті. «Нұрлы Жол» Қазақстанның Жаңа Экономикалық Саясатта туризмге арналған инфрақұрылым индустриялық инфрақұрылымды дамытудың жеке бағыты ретінде белгіленді. Және де Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 мамырдағы Заң жобасының негізіне № 508 қаулысымен «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы» бекітілген болатын. Тұжырымдамада түрлі аумақтық деңгейлерде туризмді ұйымдастырудың кластерлік тәсілін қолдану ұсынылады.

Туристік кластер – бұл туристік өнімді жасаумен, өндірумен, ілгерілетумен және сатумен, сондай-ақ туризм индустриясымен және рекреациялық көрсетілетін қызметтермен аралас қызметпен айналысатын өзара байланысқан кәсіпорындар мен ұйымдардың бір шектелген аумақ аясында шоғырлануы.

Туристік кластерді құрудың мақсаты – синергетикалық әсер есебінен туристік нарықта аумақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның ішінде:

- ✓ кластерге кіретін кәсіпорындар мен ұйымдар жұмысының тиімділігін арттыру;
- ✓ инновацияларды ынталандыру және жаңа туристік бағыттарды дамыту.

Туристік кластерді құру іс жүзінде аумақтың тұрпатын айқындайды және өңірдің он имиджін қалыптастыруға әсерін тигізеді, бұл жалпы алғанда жоғары ықпалдастырылған туристік ұсыныстар мен бәсекеге қабілетті туристік өнімдерді құрады.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамада бес туристік кластер құру мүмкіндігі қарастырылады: Астана, Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан [3].

Келесі туризмнің дамуына зор үлесін қосатын, алдағы EXPO-2017 жобасы Қазақстанның ірі жобаларының бірі туралы айтып өтейік.

2012 жылғы 22 қарашада ХҚБ-ге мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында Астана жеңіске жетіп, EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін орын ретінде таңдалды. Астананы 103 ел қолдады. EXPO-2017 ТМД елдерінде өтетін алғашқы көрме болмақ.

Астанадағы бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасатын болады. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10 халықаралық ұйым қатыса алады. Көрмеге 2 миллионнан астам адам қатысады деп күтіліп отыр.

EXPO-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік береді. Көрме сондай-ақ елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін береді. Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу ісіне, соның ішінде көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына шағын және орта бизнес атсалысатын болады. EXPO көрмесін өткізу кезінде Қазақстанның астанасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттердің үндесетін орнына айналмақ. Көрменің аумағында күн сайын концерттер, шоу, ұлттық күндер және өзге де ойын-сауық іс-шаралары өтетін болады [4].

Қазіргі экономикалық жағдайда, халықаралық көрме өткізу қарапайым халыққа не беретінін қарастырып көрейік:

1) Жаңа құрылыс кешендерін салуда, көп мөлшерде халық 2 жыл ішінде тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіледі.

2) Шағын және орта кәсіпкерлер келген туристер есебінен пайда табады;

3) Қала көркейе түседі;

4) Ұлттық құндылықтарымыз насихатталынады: біздің тарихымызға, мәдениетімізге, әдебиетімізге қатысты түрлі кітаптарды шет тілдерге аударып, келген туристерге ұсынылады, жан-жақты қосымша көрмелер ұйымдастырылады.

5) Келген туристтер тек қана Астана қаласында ғана болып қоймай Қазақстанның түкпір-түкпірін аралауы сөзсіз, сондықтан да, өзге аймақтардың осы көрме арқылы 3 ай ішінде табысы артады..

ЭКСПО-2017 – біз үшін үлкен мүмкіндік.Ең әуелі, ЭКСПО-2017 ел бюджеті үшін шығын деп ойламай, инвестиция ретінде қарауымыз керек деп есептеймін. Өлемдік тәжірибе мен болжамдар бойынша, мұндай шараға ондаған миллион турист келетіні айтылады.

Ол үшін үлкен дайындық жұмысы қажет. Халықтың үлесі қажет. Менің ойымша, әрбір қазақстандық шамасы келгенше осы шараны насихаттап, сырттан қонақтар, туристер шақыруға өз үлесін тигізсе, одан бәріміз ұтамыз. Еліміз халықаралық аренада өзінің нағыз орнын табады деп сенемін.

Мен - болашақ туризм саласының маманы ретінде, Қазақстан Республикасында туризм саласының дамуы үшін мынадай бағыттарды көрсеткім келеді:

- ✓ Туризмдегі мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру;
- ✓ Туризмге арналған кадрларды кәсіптік даярлау;
- ✓ Тарифтерді, туристік ұйымдардың, тасымалдау-шылардың қызметін лицензиялауды, туристік объектілердің сапасын және қызмет көрсетудің стандарттарын бақылау;

- ✓ Визалық және кедендік рәсімдерді барынша оңайлату;

- ✓ Қазақстанның туристік бейнесін қалыптастыру.

Бұл бағыттарды іске асыру үшін көп еңбек керек. Мысалы, соңғы бөлімдегі Қазақстанның туристік бейнесін қалыптастыруға толығырақ тоқталып кетсек. Қазақстан туралы сапасы жоғары полиграфиялық және аудиобейне жарнама материалдарын шығару және белсенді түрде тарату қажет деп есептеймін. Қазақстанға туристерді тартуға өлкетану жарияланымдары, жарнама баспа қызмет, оның ішінде туристік фирмалар мен қонақ үйлердің жарнама-баспа қызметі өз ықпалын тигізу керек. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға, оның ішінде Интернет жүйесінде Қазақстанның туристік фирмаларының WEB-сайттарын құруға айрықша мән беру қажет және т.б. Жалпы, өзім болашақта еліміздегі туризм саласының көркеюіне зор үлесімді қосқым келеді.

Жаһандану кезеңінде экономиканың басты факторы – туризм болып табылады. Туризм индустриясы қызмет көрсету саласы ретінде табыс көзі. Сондықтан еліміздің Туризм саласын дамыту біздің, мына жастардың қолында екенін есте сақтауымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүниежүзілік Туристік Ұйым мәліметтері
2. Г.М. Дуйсен «Основы формирования и развития индустрии туризма в Казахстане»
- 3.http://bnews.kz/kz/news/archive/glavnye_novosti/kr_prezidentinin_kazakstan_halkina_zholda_ui_matini_videosi-2014_11_11-1167625
4. http://www.akorda.kz/kz/national_projects/page_expo-2017-astanada_135607325